

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№5 хаттамасы

Түркістан қаласы

17.01. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау
4. Әр түрлі мәселелер

1-мәселе бойынша: Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Қ.Қалдыбай сөз алып, 2024-2025 оқу жылы бойынша факультеттегі оқу-әдістемелік жұмыстардың жарты жылдық қорытындысы жөнінде баяндама жасады. Ол кафедра меңгерушілеріне сөз беріп, әр кафедраның оқу-әдістемелік бағыттағы атқарылған іс-шаралары мен жетістіктеріне тоқталды. Кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова өз кафедраларындағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін баяндап, оқу үдерісінің сапасын арттыру, студенттердің білім деңгейін бақылау және оқу бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарды атап өтті. Сондай-ақ, пәндердің әдістемелік кешендерін жаңарту, оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіру және заманауи цифрлық платформаларды пайдалану мәселелері де қарастырылды.

2-мәселе бойынша: Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, 2024-2025 оқу жылында еліміздегі жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап өтті. Ол факультет тарапынан көрсетілген нәтижелерге тоқталып, алдағы уақытта білім беру сапасын арттыру, оқытушылардың ғылыми әлеуетін күшейту және студенттердің академиялық белсенділігін арттыру арқылы факультеттің көрсеткіштерін жақсарту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, әр кафедраға ағымдағы оқу жылы бойынша нақты мақсаттар қойылып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу жолдарын айқындау тапсырылды.

3-мәселе бойынша Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева сөз алып, 2024-2025 оқу жылы бойынша Теология факультеті бойынша 2024-2025 оқу жылының қысқы сессиясына жалпы 325 студент қатысты. 80 пән бойынша емтихан тапсырғандығына тоқталды.

Жалпы факультет бойынша емтиханға жіберілмеген:

- 1 курс бойынша – 11 студент;
- 2 курс бойыншы-14 студент;
- 3 курс бойынша-34 студент;
- 4курс байынша-6 студент.

Емтихандар нәтижесі бойынша:

1 курс бойынша жалпы 640 баға қойылған:

90-100 аралығы- 157 баға- 24,5 %

70-89- аралығы -311 баға - 48,5%

50-69 аралығы 47 баға 7,3%

0- 33 баға - 5,1 %

2 курс бойынша жалпы 2180 баға қойылған:

90-100 аралығы- 362 баға- 16,5 %

70-89- аралығы -1110 баға – 50,9,5%

50-69 аралығы 164 баға 7,52%

0- 138 баға - 6,33 %

3 курс бойынша жалпы 3665 баға қойылған:

90-100 аралығы- 606 баға- 16,5 %

70-89- аралығы -1991 баға – 54,3%

50-69 аралығы 706 баға 19,2 %

0- 436 баға - 11,8 %

4 курс бойынша жалпы 3060 баға қойылған:

90-100 аралығы- 738 баға- 24,1 %

70-89- аралығы -1679 баға – 54,8%

50-69 аралығы 473 баға 15,4 %

0- 140 баға - 4 %

Қысқы сессияның қортындысы бойынша Теология факультетінің бағалау медианасы талапқа сай келмей тұрғаның көруге болады. Ең басты мәселе студенттердің апталық бағаларының тым жоғары немесе тым төмен болуына байланысты. Яғни емтиханда алған бағасың аралық бақылау бағалары арқасында жоғарлап кетеді. Бұл барлық курстарға қатысты. Және бағалау медианада көрсетілген пайыздардан факультеттің пайызының жоғары болуы сервис пәндердің үлесінен өсіп отырғаның баяндады.

4-мәселе бойынша Әр түрлі мәселелер:

Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, 2024-2025 оқу жылы бойынша жоспарланған MOOC (Massive Open Online Course) платформасында әзірленетін онлайн курстардың мазмұны мен құрылымын талқылады. Ол оқытушыларды заманауи цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқу процесін жетілдіруге шақырды. Сонымен қатар, кафедраларда дайындалып жатқан оқу құралдары мен оқулықтардың сапасына, олардың мазмұнының білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелеріне сәйкестігіне назар аударудың маңыздылығын атап өтті. Оқу-әдістемелік кеңестің мүшелері оқу құралдары мен оқулықтарды уақытылы әзірлеу және баспаға ұсыну қажеттігін, сондай-ақ авторлық құқық пен академиялық адалдық талаптарын сақтау керектігін атап өтті.

Шешім:

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін бекітілуге ұсынылсын.
2. ББ 2024-2025 о.ж. ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Қысқы сессиясының талдау нәтижелерін ескере отырып келесі ұсыныстар берілді: Теология, Дінтану және Философия кафедраларында оқытылатын мамандыққа қатысты пәндерді ерекшеліктеріне қарай шығармашылық емтихан түріне ауыстыруды қарастыру. Басқа мамандықтарда оқытылатын Ясауитану пәнін тест түрінен тәжірбиелік емтихан формасына ауыстыруға, Философия пәнінің емтихан сұрақтарын 50 % жаңарту ұсынылсын.

3.1. 2024-2025 қысқы сессияның нәтижесі бағалау медианасына сәйкес кемеуін ескере отырып факультеттің ОПҚ құрамымен, әр кафедра меңгерушісі бағалау критериларына байланысты семинар өткізу қарастырылсын.

3.2. №6 Сенат шешімін және факультеттің Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің шешімін ескере отырып көктемгі емтихан қабылдау түріне ұсыныс берілсін.

3.2. № 6 Сенат шешімінің 1.5 пунктін сәйкес Теология факультетіне қарасты 7 аудиторияға екі бейне камера орнату туралы қызмет хат дайындалып, іске асырылсын.

4. 2024-2025 оқу жылы бойынша жоспарланған оқу құралдармен оқулықтарды бекітілген уақыттарында ұсынылсын, МООК дәрістеріне жауапты оқытушылар жұмыстары жоспар бойынша ұйымдастырылсын.

№6 Сенат шешімін орындау бойынша:

1.2 Факультеттің ОӘК №6 мәжілісінде қарастырылды (Хаттама №6)

1.3. Қысқы сессиясының талдау нәтижелерін ескере отырып келесі шешімдер қабылданды: Теология, Дінтану және Философия кафедраларында оқытылатын мамандыққа қатысты пәндерді ерекшеліктеріне қарай шығармашылық емтихан түріне ауыстыруды қарастыру. Басқа мамандықтарда оқытылатын Ясауитану пәнін тест түрінен тәжірбиелік емтихан формасына ауыстыру, Философия пәнінің емтихан сұрақтарын 50 % жаңарту.

1.4. №6 Сенат шешімін және факультеттің Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің шешімін ескере отырып көктемгі емтихан қабылдау түріне ұсыныс берілді.

1.5. № 6 Сенат шешімінің 1.5 пунктін сәйкес Теология факультетіне қарасты 7 аудиторияға екі бейне камера орнату туралы қызмет хат дайындалып, іске асырылды.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай